



«Қостомар ауылының жалпы орта мектебі» КММ
педагог - психологтың 2023-2024 оқу жылының қазан айына арналған
жұмыс жоспары

№	Жұмыс мазмұны	Қолданылатын әдіс – тәсілдер	Сынып	Мерзімі	Қорытынды
1	«Құқық бұзушылықтан сақ болайық!» тақырыбында алдын алу іс-шарасы	Құқық бұзушылықтың алдын алу	8-10 сыныптар	Қазан	Хаттама
2	9-сыныптарда Бейіндік оқытуға көшуді ұйымдастыру, талдау	Сауалнамалар	9 сынып	Қазан	анықтамма
3	Баланың ерік саласының даму деңгейін анықтау	«Графикалық диктант» әдістемесі	1-2 сынып	Қазан	Анықтама
4	Ата-аналарға бейімделу процесі бойынша кеңес беру, жаднама тарату	5 сынып ата- аналар жиналысы, кеңес беру	5 сынып ата- аналары	Қазан	-
5	«Сенім жәшігі» туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу	Түсіндіру жұмысы	5-10 сынып	Қазан	-

Педагог-психолог: Бердалиева.Б.Р 

Құқық бұзушылықтың алдын алу.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдағы қылмыстың алдын алудың аса маңызды аспектісі болып табылады. Жасөспірімдердің арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу және оны болдырмау үшін құқықтық білімді жетілдіру керек. Құқықтық білім беру арқылы жасөспірім құқықтың не екенін ұғынады және оның санасы қалыптасып, дамиды. Колледж оқушылары арасында әлімжеттік пен бопсалаудың алдын алу, құқық бұзушылықты болдырмаудың алдын алу мақсатында профилактикалық жұмыстар жүргізу барысында Аршалы аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері жасөспірім оқушылардың әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын – алу бойынша 5-9 сынып оқушыларға түсініктеме жұмыстарын жүргізді. Құқық бұзушылық туралы, кәмелетке толмаған жасөспірімдердің қылмыстық жауапкершілігін алдын алу бойынша, сондай-ақ жастар арасында болып жатқан қылмыстың түрлі мәселелеріне тоқталды. Қазіргі таңда жастар арасында, әсіресе кәмелетке толмаған жасөспірімдердің қылмыстық жауапкершілігі жөнінде мектептерге, колледждерге, жалпы оқу орындарына барып, профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізіліп жатқандығын, оның ішінде кәмелетке толмаған жасөспірімдердің түнгі сағат 22:00 де ойын сауықтарда отыруы, сондай ақ түнгі сағат 22:00 ден кейін көшеде жүруге болмайтынын, түнде жүрген кезде бірінші ескерту беріліп, сосын айыппұл салынатындығын, егерде осы аталғандар орындалмаған жағдайда есепке алынатынын айтты. Заңды, әлеуметтік пайдалы қызметке және қоғам мен өмірге ізгілікті көзқарас қалыптастырып, жастардың қылмыстық қызметке жол бермейтін қағидаларға тәрбиелеу қажетті екендігін атап өтті.



«Ел болам десен, бесігіңді түзе» дегендей дана халқымыз жеке тұлға болып қалыптасуда әрбір жасөспірімдер тәртібі мен тәрбиесіне мән беріп, бос уақытын тиімді пайдалана білсе, құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуына көп септігін тигізері сөзсіз.



Бұл дүниеде біздің Отанымыз бар, ол біздің – тәуелсіз Қазақстан». Жастар туған мемлекетімізді баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне қызмет етуге парыздар. Ол үшін әрбір жас еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халқымыздың жарастығын аман сақтай білу қаншалықты үлкен тарихи жауапкершілік екенін жан жақты сезіну керек» - деген еді.



Қортынды: Оқушыларға құқықтық тәрбие беруді қамтамасыз ету мазмұнындағы құқықтық тәрбие, білім беру жүйесінің заманауи білігі және басым бағыты болып табылады. Құқықтық білім беруді қалыптастырудың маңыздылығы қоғамда болып жатқан әлеуметтік үдерістердің жоғары динамизмі мен әлеуметтік – техникалық қажеттіліктердің жоғарылауымен ғана емес, ғылыми-техникалық әркендеу талаптарының жоғарылауымен де тығыз байланысты. Саяси әмірдің әртүрлі мәселелерін кәсіби, терең түрде түсіну үшін, заманауи қоғамның барлық салаларындағы динамикалық өзгерістерді анықтау үшін жақсы ойлау қабілеті, дүниетанымдық көзқарасқа сенімділік және жүйелі құқықтық ұстаным болуы қажет.

Бейіндік оқытуға ұйымдастыру, талдау

МАҚСАТЫ:

- Оқушылардың қызығушылық бағытын, қабілетін, келешекте ие болуға тиісті мамандыққа бейімделуін қанағаттандыру.
- Мектептің жоғары сыныптарында оқушыны еңбек нарығының нақты сұраныстарын ескере отырып, әлеуметтендіруге бағыттау.
- Білім мазмұнын саралауға және әр оқушының жеке білімдік траекториясын құруға жағдай жасау.
- Орта және кәсіби білім салаларының сабақтастығын жетілдіру, бағдарлы сынып оқушыларын жоғарға оқу орнында білімін жалғастыруға дайындауды қамтамасыз ету.
- Оқушылардың өз бейінін анықтауына көмек жасау.
- Бағдарлы оқыту алдында бағдар беру және ақпараттандыру.
- Бейіналды дайындықта білім алушыларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету болып



2023-2024ж оқу жылына бағдар бойынша: 9- сыныпты бітіруші оқушыларды ата-аналарының, жеке оқушылардың өтініштері бойынша бағдарлы сыныптарға орналастыру -Әрбір оқушыға мәліметтер қорын жасау өтініш, анкета, оқу процесіндегі оқушының жетістігі айту керек .

Оқушылардың болашақ бағыты мен оқу орындарын тандау мәселесін шешуге көмек бере отырып, олардың әлеуметтік, кәсіби және мәдени дайындығын жетілдіру 9 сынып оқушыларына бағдарлы оқыту бағдарламаларын дұрыс тандауға мүмкіндік беретін бағдаралды дайындықты жүргізу;

Қорыта келгенде бағдарлы оқытуда оқушыға шығармашылық, әлеуметтік, креативтілік, коммуникативтік қызмет саласындағы құзіреттілігін айқындай отырып, жеке жетістіктерінің негізінде өз бейінін айқындау мен шындай түсуде оқытудың жаңа формалары мен психологиялық қызметті құру, әрі оның жан -жақты жұмыс жасауы жалпы жаңа заман үдерісіне сәйкес экономикалық әлеуметімізді молайту үшін қажыр-қайрат көрсете білетін, ғылымның мол жетістіктерімен қаруланған, бейіндік қабілеті шыңдалған тұрақты өзгерістерді ескере отырып, қоғам өміріне еркін енуіне дайындығын қамтамасыз ететін жалпы орта білімді дамытудың қарқынын арттыру қажет етеді. Ең басты міндет адамгершілігі мол, адам жанын түсіне алатын, тәрбиелі, білімді, мәдениетті, жауапкершілігі мен өз ой-пікірін ашық айта алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

Педого- психолог: Бердалиева.Б.Р

«Графикалық диктант» әдістемесі»

1, 2, 3, 4 - сынып оқушыларынан графикалық диктант (Д.Б.Б.Эльконин) алынды
Күні: 03.10.2023 жыл

1, 2, 3, 4-сынып оқушыларынан Элькониннің графикалық диктант алынды. Школьникам диктантты қалай орындау керектігі туралы түсіндірілді.

Кеңістіктегі бағдарларды зерттеуге арналған. Оның көмегімен ересек адамның нұсқауларын мұқият және нақты орындау, берілген сызық бағытын дұрыс жаңғырту және ересек адамның бағыты бойынша өз бетінше әрекет ету қабілеті анықталады. Техниканы жүзеге асыру үшін балаға қорапқа дәптер парағы беріледі, оған төрт нүкте бірінің астына жағылады. Алдымен балаға алдын-ала түсініктеме беріледі: «Енді сіз бен біз әр түрлі оюлар саламыз. Біз оларды әдемі және ұқыпты етуге тырысуымыз керек. Ол үшін мені мұқият тыңдау керек, мен саған қанша ұяшық және қай бағытта сызу керек екенін айтамын. Мен айтқан сызық қана салынууда. Келесі жолды қарындашты қағаздан көтермей, алдыңғысы аяқталған жерде бастау керек ». Осыдан кейін зерттеуші баламен бірге анықтайды қай жерде оның құқығы бар, сол қолда қайда, олар үлгіде оңға және солға сызықтар қалай салу керектігін көрсетеді. Содан кейін жаттығу үлгісін салу басталады.



Қорытынды: сынып оқушылары үлкендердің берген тапсырмаларын орындайды, берілген өрнекті дұрыс көшіре алады, ал тапсырма бойынша дербес әрекет етуі орташа.

Берілген кеңес: ересектердің нұсқауларын балалардың орындай білуі, біліктілігін арттыру үшін, өзара қарым-қатынас өрісін дамыту, тиімді қарым қатынасқа машықтану, яғни байланыс құру, қосылып отыру, белсенді тыңдау, өз пікірін толыққанды білдіру, өз күшіне сенуді қалыптастыру, өз бетімен жұмыс жасауға дағдыландыру керек.

Педагог-психолог: Бердалиева.Б.Р *Б-Ч*

«Қостомар ауылының жалпы орта мектебі» КММ

Сенім жәшігі туралы мәлімет

« Қостомар ауылының жалпы орта мектебі» КММ оқушыларына, мұғалімдеріне және ата-аналарына Д.Т.І.Ж орынбасары және психолог басшылығымен сенім жәшігі туралы түсіндіру жұмысы жүргізілді. Онда қандай да бір қиындық, мәселе, арыз шағым туындаған жағдайда сенім жәшігіне салынатындығы туралы, оны тек мектеп директоры тарапынан бекітілген қызметкерлер ғана ашып, тиісті мамандар көмек көрсететіні туралы айтты.

—

19.12.23 . ж күні мектепшілік «Сенім жәшігі» ашылды.

19.12.23. ж күні аралығында мектеп сенім жәшігіне ешқандай арыз, шағым, ұсыныс, талап түскен жоқ.

Психолог: Бердалиева Б.Р. *Б.Р.*

АНЫҚТАМА

Қатысқан ата-аналар: 15

Қатыспағаны: 0

Жұмыс түрі: жадынама, ұсыным

Максаты: 5 сынып ата-аналары мен пән мұғалімдеріне бейімделу жағдайында қолдау көрсетудің жолдарын ұсынуға кеңес беру.

Сынып ата-аналар чатына және инстаграм желісіне жадынамалар салынды.


Ата-аналарға нақты ұсыныстар

Әбалапы мектептегі жұмыстарыны әнгімелеуге шабыттандырыңыз.
ӘСонымен қатар балаңыздан міндетті түрде сыныптастары, сыныптағы іс-шаралар, пәндер, пән мұғалімдері туралы көбірек сұраңыз.
Әтүнемі мұғалімдермен кездесіп, балаңыздың үлгерімі, тәртібі, басқа балалармен қарым-қатынасы жөнінде біліп тұрыңыз.



КЕҢЕС

Бастауыш сынып бітірген оқушы орта буынға өткенде психологиялық қиындық сезінеді. Бастауыш сынып оқушылары бір мұғалімнің жұмыс істеу әдісіне оның талаптарына үйренген. 5-сыныпта оқушылардың бойында ортақ мәселелер пайда болады.




БҰЛАР:

- балалардың мінезі өзгереді;
- тез шаршайды;
- көңіл-күйлері бұзылады;
- оқу үлгірімі төмендейді;
- мазасыздық, қобалжу сезімдері жиілейді.



АТА-АНАҒА КЕҢЕС

ӘЕгер сіз балаңыздың мектептегі өмірі, оны мазалап жүрген нәрселер туралы білмейтін болсаңыз, ол жайында мұғалімдерден сұраудан еш қысылмаңыз.
ӘЕгер үлгерімі нашарлап бара жатса, алаңдап, сынып және үй жұмыстарын мұқият орындауын талап етіңіз.
ӘБалаңыздың үй тапсырмасын орындауға көмектесіңіз, бірақ бәрін жасап бермеңіз.



«5 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БЕЙІМДЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»

